

"Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 192 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 қазандағы № 1301 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органының қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе ол мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 77-бабының 9-тармағына және 80-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органының қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік органның қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 20 наурыздағы
№ 192 қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органының қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе ол мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органының қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 77-бабының 9-тармағына және 80-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органының (бұдан әрі – арнаулы мемлекеттік орган) қызметкері қаза тапқан (қайтыс болған), оған мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда біржолғы өтемақы төлеу тәртібін белгілейді.

2. Біржолғы өтемақы (бұдан әрі – өтемақы) арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне (бұдан әрі – қызметкер) немесе оны алуға құқығы бар адамға:

1) қызметкер арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет (бұдан әрі – қызмет) өткеріп жүрген кезеңде немесе қызмет өткерген кезеңде жаралануы (контузия алуы), науқастануы салдарынан қызметтен кеткеннен кейін қаза тапқан (қайтыс болған);

2) қызметкер қызмет өткерген кезеңде оған мүгедектік белгіленген немесе қызмет өткеруіне байланысты контузия алуы, мертігуі, науқастануы салдарынан қызметтен кеткеннен кейін бір жыл өткенге дейін мүгедектік белгіленген;

3) қызметкер қызмет міндеттерін атқару кезінде мүгедектікке әкеп соқтырмаған жеңіл немесе ауыр мертіккен (жараланған, жарақат, контузия алған) жағдайларда төленеді.

3. Өтемақы қызметкерге немесе оны алуға құқығы бар адамға Заңның 77-бабының 10-тармағында және 80-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда төленбейді.

2-тарау. Қызметкер қаза тапқан (қайтыс болған), оларға мүгедектік белгіленген немесе мертіккен жағдайда өтемақы төлеу тәртібі

1-параграф. Қызметкер қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда өтемақы алу үшін құжат тапсыру тәртібі

4. Қызметкер қызмет өткеріп жүрген кезеңде немесе қызмет өткерген кезеңде жаралануы (контузия алуы), ауруы салдарынан қызметтен кеткеннен кейін қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның мұрагерлерінің тұрғылықты жеріндегі арнаулы

мемлекеттік органдар мекемелерінің (бөлімшелерінің) кадр аппараты аталған адамдарды мынадай құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы жазбаша түрде 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы төлеуге өтініш;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша қайтыс болғаны туралы куәліктің немесе хабарламаның көшірмелері;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен берілген мұрагерлікке құқық туралы куәлік;
- 4) мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттардың бірінің көшірмесі: Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдік төлқұжат, туу туралы куәлік (кәмелетке толмаған мұрагерлер үшін).

"Электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қолжетімділік болса, арнаулы мемлекеттік органдар мекемелерінің (бөлімшелерінің) кадр аппараты жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді өздері алады;

- 5) әрбір мұрагердің ағымдағы банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер;
 - б) қайтыс болу себебі және науқасының диагнозы туралы патологиялық-анатомиялық қорытындының немесе егер сот-медициналық сараптама немесе патологиялық-анатомиялық диагностика жүргізілген болса, сот-медициналық сараптама қорытындысының көшірмелері;
- 7) мұрагердің өзінің өтініш беруі мүмкін болмаған кезде өтемақы төлеуге өтініш беруге, сондай-ақ оны алуға өкілеттік берілгені көрсетіліп, нотариат куәландырған сенімхат.

5. Арнаулы мемлекеттік органдар мекемелерінің (бөлімшелерінің) кадр аппараты осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін мынадай құжаттарды сұратады және жасайды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкердің оқиға болған сәттегі ақшалай қаражатының мөлшері туралы қызмет өткерген кезеңі көрсетілген, өтемақы алуға құқық беретін анықтама, сондай-ақ қызметкерді мекеме (бөлімше) жеке құрамының тізімінен шығару туралы уәкілетті басшының бұйрығынан үзінді-көшірме;

2) қызметкердің қаза табу (қайтыс болу) себептері мен мән-жайын қызметтік тексеру материалдары;

3) қызметтен кеткеннен кейін қайтыс болған адамдарға қатысты қызмет өткеріп жүрген кезеңде мертігуі (жаралануы, жарақат, контузия алуы) немесе науқастануы қайтыс болуына себеп болғанын растайтын әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясының қорытындысы.

2-параграф. Қызметкерге мүгедектік белгіленген жағдайда өтемақы алу үшін қажетті құжаттарды тапсыру тәртібі

6. Қызметкерге мүгедектік белгіленсе және ол қызмет өткеріп жүрген кезеңде алынған болса:

1) ол қызмет орнына мыналарды ұсынады:

осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы төлеуге өтініш;
мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі;

2) арнаулы мемлекеттік орган мекемесінің (бөлімшесінің) кадр аппараты:

мүгедектікке әкеп соққан контузия, мертігу, науқастануы қызмет өткеріп жүрген кезеңде туындағанын растайтын әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясы қорытындысының (қаулысының) көшірмесі;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкердің оқиға болған сәттегі ақшалай қаражатының мөлшері туралы қызмет өткеру кезеңі көрсетілген, өтемақы алуға құқық беретін анықтама.

7. Қызметкер қызмет өткеріп жүрген кезеңде контузия алса, мертіксе, науқастанса, қызметтен кеткен күннен бастап бір жыл өткенге дейін солардың салдарынан мүгедектік белгіленсе, арнаулы мемлекеттік органдар мекемелерінің (бөлімшелерінің) кадр аппараты осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды жинайды, сондай-ақ қызметкерді мекеменің (бөлімшенің) жеке құрамының тізімінен шығару туралы уәкілетті басшының бұйрығынан үзінді-көшірме жасайды.

3-параграф. Қызметкер жеңіл немесе ауыр мертіккен (жараланған, жарақат, контузия алған) және ол мүгедектікке әкеп соқтырмаған жағдайда өтемақы төлеу үшін қажетті құжаттарды тапсыру тәртібі

8. Қызметкер қызмет міндеттерін атқару үстінде жеңіл немесе ауыр мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) және ол мүгедектікке әкеп соқтырмаған жағдайда:

1) ол қызмет орнында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы төлеуге өтініш береді;

2) арнаулы мемлекеттік орган мекемесінің (бөлімшесінің) кадр аппараты мыналарды сұратады және жасайды:

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметкердің оқиға болған сәттегі ақшалай қаражаты мөлшері туралы қызмет өткеру кезеңі көрсетілген, өтемақы алуға құқық беретін анықтама;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мертігуінің (жаралануының, жарақатының, алған контузиясының) ауырлық дәрежесі (ауыр немесе жеңіл) туралы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясының анықтамасы;

қызмет міндеттерін орындау кезінде мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия) фактісін растайтын қызметтік тергеп-тексеру материалдары.

4-параграф. Өтемақы төлеу тәртібі

9. Өтініш берушінің қызмет орнындағы арнаулы мемлекеттік орган мекемесінің (бөлімшесінің) кадр аппараты өтемақы алушыдан осы Қағидалардың 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарында көрсетілген құжаттармен қоса өтініш алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оларды осы мекеменің қаржы бөлімшесіне өтемақыны төлеу үшін жібереді.

Өтемақы төлеуге арналған құжаттарды толық алмаса кадр, аппараты өтініш түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Құжаттар түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде олардың толық еместігі туралы хабарлама болмаған кезде құжаттар толық көлемде қабылданды деп есептеледі. Өтініштің арнаулы мемлекеттік органда (мекемеде) тіркелген күні оның түскен күні болып есептеледі.

10. Арнаулы мемлекеттік орган мекемесінің қаржы бөлімшесі кадр бөлімшесі ұсынған материалдарға сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде заңнамада белгілеген тәртіппен міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізуге өтінім жасайды және мекеменің міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарын қарау және тиісті өзгерістер енгізу үшін арнаулы мемлекеттік органның қаржы бөлімшесіне жібереді.

Арнаулы мемлекеттік орган мекемесінің қаржы бөлімшесі мекеменің міндеттер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізу рәсімі жүргізілгеннен кейін алушыға өтемақы төлеуді жүргізеді.

11. Арнаулы мемлекеттік орган (мекеме) өтемақы төлеуге өтініш алған күннен бастап бір ай ішінде оны Заңның 77 және 80-баптарында көзделген жағдайларда және мөлшерде оны төлейді.

12. Заңда көзделген, өтемақы төленбейтін жағдайларда арнаулы мемлекеттік органның (мекеменің) құрылымдық бөлімшесі өтініш берушіге 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтемақы төлеуден бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді хабарлама жібереді.

13. Өтемақыны аудару мемлекеттік қазынашылық аумақтық органдары арқылы алушының тұрғылықты жеріндегі екінші деңгейдегі банктерде ашылған ағымдағы шоттарына жүзеге асырылады.

Өтемақы төлеу және оларды аударғаны үшін банктің көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Кәмелетке толмаған алушыға өтемақы төлеу құжаттар түскен сәттен бастап бір ай ішінде тұрғылықты жеріндегі екінші деңгейдегі банкте ашылған кәмелетке толмаған

алушының не қорғаншылық немесе қамқоршылық бойынша функцияларды жүзеге асыратын органның рұқсаты болса заңды өкілінің ағымдағы шотына аудару арқылы жүргізіледі, онымен бір мезгілде бұл туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, сондай-ақ оның заңды өкілдеріне хабарланады.

15. Алушыға өтемақы аударылғаннан кейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналында күні, өтемақы сомасы және төлем құжатының нөмірі көрсетіліп, тиісті жазба жасалады.

16. Өтемақы төлеу бойынша туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Қазақстан Республикасының
арнаулы мемлекеттік органының
қызметкері қаза тапқан (қайтыс
болған), оған мүгедектік
белгіленген немесе ол мертіккен
жағдайда біржолғы өтемақы
төлеу қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Кімге: _____

(өтемақы төлеуді жүзеге
асыратын

_____ мемлекеттік органның
басшысына)

кімнен: _____
тұратын

_____ (өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар
болса)

телефон _____

Өтемақы төлеуге өтініш

Сізден _____

байланысты (болған оқиғаның сипаты көрсетіледі)

маған өтемақы төлеуді сұраймын.

Бұған дейін _____ байланысты өтемақы

(болған оқиғаның сипаты көрсетіледі)

_____ (алдым, алған жоқпын)

Тиесілі өтемақы төлемін:

_____ (облыс, аудан, қала, алушының тұрғылықты мекенжайы)

Банк мекемесінің № _____

Филиал № _____

Ағымды шот _____

_____ атына аударуды сұраймын

Т.А.Ә. (бар болса)

Алушының ЖСН _____

Өтінішке мынадай құжаттарды қоса беремін:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

_____ жылғы "___" _____ Өтініш беруші _____ (жылы) (күні) (айы) қолы Т.А.Ә.
(бар болса)

М.О. Бастық _____ қолы Т.А.Ә. (бар болса)*

*қолы қызметкер жеңіл немесе ауыр мертіккен (жаралану, жарақаттану, контузия)
және ол мүгедектікке әкеп соқтырмаған жағдайда қажет

Қазақстан Республикасының
арнаулы мемлекеттік органының
қызметкері қаза тапқан (қайтыс
болған), оған мүгедектік
белгіленген немесе ол мертіккен
жағдайда біржолғы өтемақы
төлеу қағидаларына 2-қосымша
Нысан

Қызметкердің оқиға орын алған сәттегі ақшалай қаражатының мөлшері туралы анықтама

_____ (арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ жылғы "___" _____ жылғы "___" _____ аралығында (күні) (күні)

_____ (ведомствоның атауы және өтемақы төлемін алуына құқық беретін оқиға болған күні)

_____ атқарған
лауазымы)

нақты қызмет атқаратыны (атқарғаны) жөнінде берілді.

_____ жылғы "___" _____ ақшалай қаражаты _____
(өтемақы алуға құқық беретін болған оқиға күні)

_____ құрайды,

(сома жазбаша)

оның ішінде:

лауазымдық жалақысы: _____

арнаулы атағы бойынша алатын айлықақысы _____

жұмыстан кету себебі (егер кетсе): _____

Анықтама қызметкер қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектік белгіленген, мертiккен

жағдайда өтемақы тағайындау үшін берiлдi.

М.О.

Бастық _____ қолы Т.А.Ә. (бар болса)

Қаржы бөлімшесінің бастығы (бухгалтер) _____

қолы Т.А.Ә. (бар болса)

Қазақстан Республикасының
арнаулы мемлекеттік органының
қызметкері қаза тапқан (қайтыс
болған), оған мүгедектік
белгіленген немесе ол мертiккен
жағдайда біржолғы өтемақы
төлеу қағидаларына 3-қосымша
Нысан

**Мертiгүінің (жаралуының, жарақатының, контузиясының) ауырлық (жеңіл немесе ауыр)
дәрежесі туралы әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясының анықтамасы**

_____ (арнаулы атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ қызметтік міндеттерін атқару үстінде

_____ (жарақат алуының мән-жайы көрсетiледi)

_____ (күні, айы, жылы) (ауыр немесе жеңіл жазбаша көрсетiледi)

жараланды, контузия алды, жарақаттанды немесе мертiкті _____,

(қажеті жоғын сызып тастау керек) (жарақат, контузия, зақымдану немесе мертiгу сипаты және орналасқан жері көрсетiледi)

осыған байланысты 20__ жылғы " __ " _____ 20__ жылғы " __ " _____

аралығында ол _____ емделуде болды.

_____ (әскери-емдеу мекемесінің атауы көрсетiледi)

Анықтама қызметкер қайтыс болған жағдайда оған өтемақы тағайындау үшін берiлдi.

М.О. Әскери-дәрігерлік комиссияның төрағасы _____

қолы Т.А.Ә. (бар болса)

Қазақстан Республикасының
арнаулы мемлекеттік органының
қызметкері қаза тапқан (қайтыс
болған), оған мүгедектік
белгіленген немесе ол мертiккен
жағдайда біржолғы өтемақы
төлеу қағидаларына 4-қосымша

Өтемақы төлеуге өтініштерді тіркеу журналы

Р/с №	Арнаулы атағы	Қаза тапқан (қайтыс болған), мүгедектік белгіленген, мертіккен (жараланған, жарақат, контузия, алған) қызметкердің Т.А.Ә. (бар болса)	Қаза тапқан (қайтыс болған) қызметкер мұрагерінің Т.А.Ә. (бар болса)	Түскен күні, кіріс №	Материал қайдан түсті	Залалды өтеудің себебі (қайтыс болу, мүгедектік, мертігу)	Өтемақының сомасы	Төлем құжатының № мен күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9